

FTAXP 11.15.37

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.88>\*<sup>1</sup>Жомарт Е.  <sup>2</sup>Тұрлығожаева А.Д. <sup>1,2</sup> Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан  
E-mail: <sup>1</sup>silas.kaz.3@mail.ru, <sup>2</sup>altyn\_77@hotmail.com

## ҚЫТАЙДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ұлттық, мемлекеттік мүдде ұғымдарына халықаралық қатынастар тұрғысынан және әр елдің өз ұстанымы бойынша талдау жасалады. Қытайдағы ұлттық саясаттың қалыптасуына айрықша тоқталып, ұлттық саясаттың іске асу жағдайы және оның аз ұлттарға тигізер ықпалы баяндалады. Мақалада қарастырылатын тақырыптар: ұлт және ұлттық мүдде туралы түсініктеме, сонымен қатар қытай тарихындағы аз ұлттардың алатын орны зерттеледі. Одан кейінгі жолдарында қытайдағы ұлтаралық қатынастарға сараптама жасалынып, қытайдың аз ұлттарға жүргізіп отырған саясатына, мұнда негізінде ҚХР жаңа ғасырдан бастап батыс аймақтарында жүргізіле бастаған «Батыс өңірді игеру» стратегиясына, қос тілді оқыту жоспары, автономия заңы және де жоспарлы бала туу саясаты мен шет елдердің Қытай билігінің аз ұлттарға бағытталған саясаты мен ұстанымына салыстырмалы талдау жасалды. Қытайдағы ұлттық саясаттың қалыптасу себептері мен жүзеге асуы туралы сараптап, олардың ұлттық және мемлекеттік мүдде тұрғысынан жүргізіп отырған саясатын жан-жақты талдау. Қытайдағы аз ұлттардың тарихын, мәдениетін зерттеу және бүгінгі ұлтаралық қатынастарды бақылау, елдегі идеологиялық, мәдени, әкімшілік және экономикалық ықпал ету арқылы әлеуметтік-этникалық процестерді басқарудың мол тәжірибесін сараптау және түсіну қазіргі Қытайдың әлеуметтік-экономикалық ұлттық саясатын зерттеуде ерекше маңызды болып есептеледі.

**Алғыс:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Орталық Азия мен Қытайдың көпжақты ынтымақтастығы: әрекеттестіктің алғашқы кезеңінен бастап стратегиялық серіктестікке дейін» ЖТН: BR24993008 атты мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалған.

**Түйін сөздер:** Ұлттық мүдде, мемлекеттік мүдде, Батыс өңір, халық, аз ұлттар.

### Кіріспе

Қытай Халық Республикасы – дүниежүзі бойынша халқының саны ең көп, экономикасы мен әскери қуаты мықты алпауыт мемлекет. Осындай артықшылықтары бар Қытай бүгінгі күні әлемдік саясаттың көшбасшысы болуға талпынып келе жатқаны байқалады. Ол үшін алдымен елдегі ішкі саяси тұрақтылықты сақтап, әлеуметтік-экономикалық теңдікті, ұлттық татулықты нығайтуға барынша күш салуда. Осы тұрғыдан алғанда, Қытайдың ұлттық саясатының қалыптасуы бірнеше күрделі кезеңдерден өтті. Атап айтар болсақ, 1949 жылдан 1976 жылға дейін Қытайда жаңадан құрылу, мемлекетті басқарудың жүйесін қалыптастыру, елдегі аумақтық әкімшілік бөліністерді жасау кезеңі болды.

Қытай Халық Республикасына 1978 жылы ҚКП Орталық комитетінің он бірінші кезекті үшінші пленумі үлкен өзгерістер әкелді. Дэн Сяопиннің басшылығымен халықтың мүддесін қорғап, экономикалық реформалар жүргізілді. Осы кезеңдерден бастап Қытай дамудың, өркендеудің даңғыл жолына түсті. Қытайдағы бүгінгі ұлттық саясат ұзақ жылдық өмір тәжірибесінен сұрыпталып қалыптасты. Қытай Халық Республикасы – бүгінгі күні экономикасы қуатты, халық саны көп, әскери қуаты мықты алпауыт ел.

Кез-келген мемлекет өзінің ұлттық және мемлекеттік мүдде тұрғысынан ұлттық саясатын жүргізеді. Ұлттық саясат мемлекетті құраушы ұлт үшін тиімді болғанымен, ондағы этникалық азшылықтар үшін кейбір тиімсіз тұстары болады.

Дүниежүзі елдері арасында ұлтаралық байланыс саясатын жүзеге асыруда саяси, идеологиялық және әкімшілік болып бөлінетін түрлерінің ішінде «қытайлық фономен» басқа елдерде кездеспейді. Осы тұрғыдан да бұл тақырыпты зерттеу Қытай үшін ғана емес, әлемдік әлеуметтік тәжірибе мен ғылым үшін де маңызы зор.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қытайдың ұлттық саясатының қалыптасу мәнін айқындап, елдің саяси, экономикалық мәселелері салыстырмалы талдау әдісі арқылы зерттеліп, тақырыпқа қатысты стратегиялық, аналитикалық шолу жасалынды.

Зерттеудің деректік негізі – құжаттық дереккөздер кешені болып табылады. Бұл мақалада Қытайдың ұлттық саясатына қатысты зерттеулер жүргізген қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Соның ішінде отандық ғалымдар Д. Мәсімханұлы, Н. Мұхаметханұлы, Н.Ә. Алдабек қатарлы ғалымдардың зерттеу еңбектері және басқа да мәліметтер, сондай-ақ «Қытайдың Батыс өңірді игеру жоспары», т.б. ресми құжаттар қарастырылды.

### **Зерттеудің нәтижелері мен талқылау**

Қытайдағы ұлттық саясаттың қалыптасу тарихы тым арыда жатыр. Қытай тарихына көз салатын болсақ, жазбаша деректерге негізделгенде, осыдан 3600 жыл бұрынғы Шань хандығы тұсынан бері жазбаша деректері бар екені айтылады. Қытайлар әр дәуірде өмір сүрген патшалықтар туралы тарих, жылнама, шежіре, ғұмырнамалар қатарлы деректер қалдырып отырған. Қытайдың тарих ғылымында өткен тарихын жинақтап, «жиырма алты тарих» деп атайды.

Қытай қоғамында өткен 26 әулеттің патшалық, хандық билік, тарихы есептелетін ресми 26 тарих Қытайдағы барлық ұлттар жасаған ортақ тарих пен мәдениеттің жалпы жиынтығы. Жыл санауымыздан бұрын және жыл санауымыздан кейін Қытайдың орталық, солтүстік және батыс бөлегіне алпауыт ғұн империясы үстемдік етті.

Ішкі саяси-әлеуметтік дағдарыстар салдарынан сыртқы саясаттағы Қытайдың беделінің төмендеуін келген мемлекеттік әкімдердің бірі Хань Анго, - «Үш патшалықтың өрлеп тұрған кезінде «варварларды» бағындыра алмағанымыз әскери күш-қуаттың жетіспеушілігінен болған жоқ, оның себебі мемлекетіміздің солтүстік-батыс жағындағы мекендейтін бұл жабайы халықтар, олардың мекендеген жерлері бізден өте алшақта, алыс аймақта орналасуында және олар күш жұмсап, бағындыруға тұрарлық адамдар болмағандықтан, олар үшін орталық мемлекетті шығындаудың қажеті болмады» деп жазады (Кроль, 1978: 51).

Батыс және Шығыс түрік қағанаттары Қытайға шын мәнінде ешуақытта тәуелді болмастан және дербес саясатын жүргізіп, өз бетінше өмір сүрген. Сүй билеушілерінің «Батыс өлке» жөніндегі ендігі басты мақсаты Қытайдың батыс шекарасын қауіпсіздікте ұстау, оның қайтадан бөлшектенуіне жол бермеу ғана болды. Ал бұл мақсатына Сүй әулеті атақты қолбасшы Ян Су басқарған екі әскери жорық нәтижесінде қол жеткізеді: түркілерге тойтарыс берілді, батыстағы шекара біраз уақытқа тыныштандырылғандай болды (Дубровская, 1998: 50).

Тан империясының Тибетпен болған соғыстары алма-кезек жеңістермен жүрді. Өйткені Жоңғария мен Қашқария жерінде жергілікті қала мемлекеттер арасында өзара бақталастық күрестер тан әулетінің билігінің өсуіне мүмкіндіктер бермеді. Тан билігіне түркештердің де әскері қарсы тұрды. Түркештер батыс түркілердің мемлекетін VII ғасырдың аяғында қайтадан орнатқан тайпалар еді. Түркеш қағаны екі майданда бірдей соғыс жүргізіп

отырған. Оңтүстігі мен батысында Араб халифатымен, шығысында Тан империясымен күрес жүргізген.

Түркеш қағаны Сулук (Сұлу) өте қабілетті дипломат болған. Ол барлық дипломатиялық және әскери шеберлігін пайдаланып, қытай әскерлерінің Орталық Азияға билік жүргізу мақсатына кедергі жасап, тосқауыл қоя білген. 717 жылы ол тіпті Тан империясының астанасы Чанъань қаласына дипломатиялық сапар шегіп, үлкен табысқа жетеді. 726 және 727 жылдары түркештер тибеттіктермен екінші рет одақтаса отырып, Шығыс Түркістандағы Тан әулетінің тірек бекінісі Кучаны екі рет қоршауға алады.

Сонымен бірге осы мезгілдерде үйсін, юебан мемлекеттері Қытайдың батысында билік құрып, Шыңжаң өңірін өз билігіне алып жатты. Олар Қытай тарихында өшпес із қалдырды. Жыл санауымыздың IX ғасырында Шато түріктері Қытайдың орталық бөлегі Шаньси өңіріне тұрақтап, Цзиньянды астана етіп, бірнеше ғасырлар бойы қытайға үстемдігін жүргізіп, патшалықтар құрды.

Тан әулетінен кейін Қытайда билік құрған Сун (960-1279) дәуірінде бұл әулет билеушілері Орталық Азияға үстемдік орнату саясатынан аулақ болды. Сун әулеті тұсында Шығыс Түркістан жерінің Қытаймен байланысы мүлдем үзілген десе де болады (Думан, 1970: 18).

Қытайдың солтүстік шығысын мекендейтін көшпелі шүршіттер 1126 жылы Қытайдың Сунь патшалығына шабуыл жасады. Олар Қытайдың Янжоу қаласын басып алып, оны өртеп жіберді. Содан кейін шүршіттер атты әскері қайықтарымен Янцзының (Шаң Жияң) оңтүстік жағалауына өтті. 1127 жылы өздеріне тәуелді мемлекетті құрды. XII ғасырдан бастап, оңтүстік Қытайға тағы да қауіп төнді.

XII ғасырда қазіргі Қытай аумағында төрт мемлекет өмір сүріп жатты. Солтүстікте шүршіттердің Жин (Цзинь) мемлекеті, Солтүстік батыста-Тибет Таңғұттар, Батыста Шия мемлекеті және оңтүстікте-қытайлықтардың Оңтүстік Сунь патшалығы мен Юннанда Нанжау (Дали) мемлекеті бар еді. Осы дәуірде солтүстікте тағы да бір тегеуріні мықты үлкен күш – түркі-моңғолдар қуат алып келе жатты. Қытай жерінде бұндай саяси жағдай бұл елге көшпелі ұлттар (аз ұлттардың) тайпаларының басқыншы әрекеті нәтижесінде қалыптасқан болатын.

Шүршіттерден соң қытайға қауіп солтүстіктегі көшпелі түркі-моңғол тайпаларынан келді. 1206 жылы нойондардың құрылтайында Темучин бүкіл моңғолдың билеуші ханы – Шыңғыс хан деп жарияланды. Моңғолдардың басқыншылық соғысы 1209 жылы Батыс Шия мемлекетіне жасаған шабулынан басталды. XIII ғасыр басында елдің солтүстігінен түркі-моңғол шапқыншылығының қаупі төнген кезде, Қытайдағы патшалықтардың әр-қайысысы ішкі шиеленістерінен әбден әлсіреп, өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалуға дәрменсіздік танытты. Таңғұттар өздерін Шыңғыс ханның вассалымыз деп мойындап қана қоймай, моңғолдар жағына шығып, шүршіттердің Жин империясын талқандауға қатысты. 1210 жылы моңғолдар шүршіттерге шабул жасайды. Моңғолдар шүршіттерді оңай-ақ талқандап, шабуыл бағытын оңтүстік Қытайға бұрады. Моңғолдарға қарсы тұру үшін Қытай патшалықтарының бүкіл XIII ғасырдағы кезеңі соғыспен өтті, нәтижесінде оңтүстік Сунь империясы құлап, елде моңғол билігі орнады. Ұзақ жылдық соғыстан қалжыраған қытай амалсыз моңғол үстемдігін мойындайды. 1280 жылы жазында моңғолдар теңіздегі шайқаста қытай әскерінің қалған бөлегін талқандайды. Осылайша, бүкіл Қытай жеріне моңғолдар үстемдігі орнап, Юань империясы билік жүргізді.

XIII ғасыр мен XIV ғасыр басында Юань әулеті тұсында Қашқария жерінде қытайлықтардың бірқатар әскери ықпалы сақталды. Мысалы, Құмыл мен Тұрпанда, Бешбалықта, Баркөл мен Ертіске жақын аймақтарда қытайлардың әскери қоныстары орын тепті. Бірақ бұл аймақтарда Юань әулетінің қосып алуы сәтсіз болды, тіпті, 1317 жылғы

Талас жеріне, кейінірек Куча жеріне жасаған әскери жорықтар юаньдықтарға ешқандай жеңіс әкелмеді (Зотов, 1991: 58).

Маньчжурлер XVII ғасырдың 40-шы жылдарында Қытайды басып алып, Цин (Чиң) империясын (1644-1911 жж.) құрды. Цин империясы көрші жатқан елдерге басқыншылық саясатын қолданып, аса қуатты державаға айналу мақсат етті. Олардың алғашқы басқыншылық объектісі феодалдық бытыраңқылықтағы шығыс моңғолдар болды. Оларға қарсы жасалған бірнеше шабуылдардан кейін Моңғолияның барлық княздіктері Цин империясының қол астына өтеді (Гуревич, 1979: 23-24).

Маньчжурлер құрған Цин империясы 1644 жылдан 1911 жылға дейін өмір сүрді. Маньчжурлер билікте болған 267 жыл ішінде тұтас қытайды бірлікке келтірді, сонымен бірге қытаймен іргелес жатқан аз ұлттарды да қосып алды. Қытайдың оңтүстігіндегі көрші Вьетнам, Лаос, Бирмалықтарға да жиі-жиі шабул жасап тұрды. Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне құрлықта да немесе теңізде де Цин билігі үстем болды.

1911 жылы Сунь Ятсен басшылық еткен Синхай төңкерісі Цин (Чиң) патшалығының үстемдігін жойды, әрбір өлке тұрғындары төңкерісшілерге сенім білдіріп, күш біріктірді. Шыңжаңда Үрімжі көтерілісі және Іле көтерілісі туылды. Іле көтерілісі жеңіске жеткеннен кейін уақытша үкімет құрылды. Осыдан бастап Цин патшалығының үстемдігі аяқталды. Бірақ, Шыңжаңда да төңкерістік партия дәрменсіз болғандықтан және ымырашылдық істегендіктен буржуазиялық демократиялық төңкерістің міндеті орындалмады. Ескі қоғамдық түзім бұрынғыдай сақталып қала берді. Жаңа үкімет үстемдік жүргізуге айрықша тәжірибесі бар Ян Цзиншиннің қолына түсті. Ян Цзиншин өзінің кертартпа үстемдігін қорғап қалу үшін саяси жақтан дара билеуші, экономикалық жақтан феодал қанаушы, мәдениет жақтан халықты надандық қалпында ұстау саясатын жүргізіп, Шыңжаңды феодал, мешеу, дүниеден оқшау күйінде ұстауға тырысты. 1928 жылы шілде айында Ян Цзиншин үстем таптардың ішкі құқық мүдде таласы, өзара қырқысы барысында әскери істер меңгермесінің меңгерушісі Фань Юнан жағынан өлтірілді. Өлкелік әкімшілік істер меңгермесінің меңгерушісі Джин Шуриң қапысын тауып Шыңжаңның үстемдік құқығын алды (Шыңжаң Үш аймақ төңкерісі тарихы, 2000: 3).

1934 жылы қаңтар айында Мао Цзедун мемлекеттік кеңестің 2-ші құрылтайында жасаған баяндамасында Шыңжаңдағы негізгі ұлт ұйғыр екенін тұңғыш рет алға қойып, олар «империализмнің және Қытайдың тарихтан бергі феодал патшаларының, феодал милитаристерінің қанауы мен үстемдігіне ұшырап келді», «Кеңестік үкімет барлық империализм мен Гоминьдан милитаристерінің аз ұлттарға үстемдік ету және оларды талан-таражыға салуына батыл қарсы тұрады (Ұлт мәселесі жөніндегі құжаттар жинағы, 1991: 82).

Қытай ұлтының көп этникалық қайнардан бірегейленуінің өзіндік ерекшеліктері бар: осыдан 3000 жыл бұрын Хуанхэ өзенінің орта ағысында бірнеше этникалық топтардың интеграциясынан ядролық өзек пайда болды. Ол – «Хуася» («Huaxia – 华夏») деп аталды. Ол бейне домалақталған қар сияқты дөңгеленген сайын үлкейіп, төңіректегі жат этностарды өзіне сіңіріп әкетіп отырды. Олар Шығыс Азия жазықтарының аумағын, соның ішінде Хуанхэ мен Янцзы өзендерінің орта және төменгі аймақтарын иеленгеннен кейін басқа этностар оларды «Хагыцзу» («Хань этносы» – «Hanzu – 汉族») деп атады. Ханьдар басқа этностардың элементтерін өзіне сіңіру арқылы өсе берді және басқа этностардың аумағына ене берді. Сөйтіп олар өзара байланысқан біртұтас желі құрды. Осы аумақ ішіндегі көптеген этностардың интеграциялануынан біртұтас қауымдастықтың іргетасы қаланып, ол этникалық қауымдастыққа айналды және ұлттық саналықпен (民族自觉) Қытай ұлты (zhong hua min zu – 中华民族) деп аталды.

Қытай Халық Республикасы 1949 жылы қазан айында құрылды. Қытай Халық Республикасы құрылған соң елдің көпұлттылығы айқынадала түсті. 1949 жылы 29

қыркүйекте Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесінің бірінші пленаралық отырысында «Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесінің ортақ бағдарламасы» дейтін конституциялық сипаттағы құжаты қабылданды. Онда «барлық этностар тең» және «Қытай Халық Республикасы барлық этностардың достығы мен ынтымақтастығы орнаған үлкен отбасы болады». Сондай-ақ, «Аз ұлттар шоғырлы тұратын аймақтарда аз ұлттардың аймақтық автономиясы жүзеге асырылсын» деген қағидалар қытай елінің көпұлтты болмысын одан әрі айшықтап, толықтыра түсті. Қазіргі Қытайдың тұңғыш конституциясы 1954 жылы 20 қыркүйекте Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының бірінші сессиясында қабылданған «Қытай Халық Республикасының Конституциясының» 3-бабында: «Қытай Халық Республикасы – біртұтас көпұлтты ел екендігі туралы нақты конституциялық декларация болып есептеледі. Содан бері «көпұлтты мемлекет» ұғымы академиялық және саяси әдебиеттерде кеңінен қолданыла бастады және ол қатысты теориялар мен саясаттарды дәйектеу үшін де қолданылады» (周, 2021: 7).

Қытай Халық Республикасы көп ұлтты мемлекеттердің бірі. Қытайда ресми түрде танылған этникалық топтар шоғырлы қоныстанған өңірлерде қытайлық ерекшелікке ие автономия жүйесі құрылған. Қытай Халық Республикасы құрылған кезде елдегі көптеген этностар топтастырылды. 1954 жылы бірінші жалпы халық санағы жүргізіліп, 39 ұлт танылды. 1964 жылы екінші реткі жалпы халық санағында 54 ұлт танылса, 1979 жылы Цзино ұлты қосылып, барлығы 56 ұлт болып тіркелді (胡, 2009). Қытай тарихында түркілердің алатын орны ерекше. Өйткені, түркілер мен қытайлар бірнеше мыңдаған жылдардан бері қарай көрші болып өмір сүріп келе жатыр. Бүгінгі күні Қытай Халық Республикасында ұйғыр, қазақ, қырғыз, салар, татар, тыва, қакас қатарлы түркі халықтары мекендейді. Қытай жерінде ежелгі түркілер өркениетінен қалған іздер, жәдігерлік бұйымдар өте көп.

2004 жылдың соңына дейін Қытайда жиыны 155 ұлттық автономиялы өңірлер құрылды. Соның ішінде 5 автономиялы район (өлке дәрежелі), 30 автономиялы облыс, 120 автономиялы аудан, 1256 ұлттық ауыл құрылды. Автономияны жүзеге асырған аз ұлттардың саны жалпы аз ұлттар санының 75%-ын құрайды. Ұлттық автономиялы жерлердің әкімшілік өңір көлемі Қытайдың жалпы жер көлемінің 64%-ын ұстайды (Мемлекеттік ұлттық істер комитеті, 2006: 4).

Ұлтаралық қатынастар өте күрделі жүйе. Бұл көп ұлтты барлық мемлекеттерге тән құбылыс. Қытай сияқты біртұтас, көпұлтты мемлекетке оларды институционалды деңгейде басқару макро басқару, ал тұлғаралық деңгейде басқару микро басқару деп аталады. Қытай үкіметі ХХІ ғасырда елдегі ұлттық алауыздық пен этникалық оқшаулану тудыратын барлық іс-әрекеттерді шектеп, елдің тұрақтылығы мен дамуының негізін қалады.

Қытайда «хань ұлты аз ұлттардан айырылмау, аз ұлттар хань ұлтынан айырылмау, аз ұлттар бір-бірінен айырылмау» қатарлы үш айырылмау деген тамаша ұстаным бар. Елдегі ұлтаралық қатынастардың мәселелері мен ұлттық мәселелерді шешу ұлттық аудандардың басқа аймақтармен әлеуметтік-экономикалық теңсіздігін қамтамасыз ету ретінде қабылданады, сондықтан ұлттық-мәдени дамудың мәселелері кең саяси-экономикалық контексте қарастырылады.

Қытай Халық Республикасы 1949 жылы құрылғаннан бері ең алдымен аз ұлттар шоғырлы қонстанған өңірлерде ұлттық автономиялар құру, аз ұлттардың тіл-жазу мәдениетін дамыту үшін радио-теле арналар ашу, кітап, газет-журнал шығару, ана тілдерінде білім беретін мектептер ашу қатарлы тиімді саясатын жүргізді. Осы саясаттың аясында көптеген ұлттар тіл-жазу мәдениетін сақтап қалды.

Философияда «мүдде» атауына кез-келген істің нақты себебін тікелей қозғаушы күш ретінде түсінік береді. Мүдде әлеуметтік-экономикалық, мәдени және табиғи қажеттіліктер негізінде пайда болады. Мүдденің әртүрлі салалары бар. Қауымдық мүдде өз ішінен – адамзаттық, жеке дара; сипатына қарай – мемлекеттік, партиялық, өңірлік, ұлттық; бағытына

қарай – діни, мәдени-рухани, экономикалық, саяси болып бөлінеді. Жеке адамның да өзіне тән мүддесі болады. Мүдде ұғымының саясатқа қатысты мағынасын алсақ, ол – қоғамның объективті формасы. Мүдде ұлттар мен халықтардың бүгінгі мен келешектегі тағдыры жайлы арман-тілегі, мақсатын білдіретін ұғым, ұстаным ретінде қарастырылады.

Дүниежүзінің барлық мемлекеттерінің өзіне тән мүддесі бар. Бірақ, ұлттық мүдде, халықтық мүдде, мемлекеттік мүдде, қоғамдық мүдде әр елде әртүрлі мағынада қолданылады. Кей елдер ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүддені бір ұғым ретінде түсінеді.

Батыс елдеріндегі ғалымдар мүдделерді ұлттық, қоғамдық, адамзаттық деп бөледі. Ал, қытай ғалымдарының ұлт, халық деген атауларға берген түсінігі күрделі болғанымен, ұлт, халық атауларын бір мағынада «чжунхуа миңьцзу» деп атайды. Осылайша Қытайдағы 56 ұлтты біртұтас ұлт ретінде атау үрдісі кеңінен қанат жаюда. Қытайдың сыртқы саясаты да біріңғай «чжунхуа миңьцзу» ұғымы шеңбері аясында әрекет етеді.

Сыртқы саясатта ұлттың немесе халықтың мүддесін іске асыратын субъект – мемлекет. Мемлекеттік мүдделер халық пен ұлттың мүдделерінің немесе оны сыртқа танытушы болады, бірақ мемлекеттік мүдделер толық қамтуы міндетті емес (Ван, 1987: 286).

«Ұлттық мүдде кез-келген ұлттың тілегінен туындаған талаптарының, немесе бірнәрсеге деген ұмтылысының көрінісі дейтін болсақ, мәселе қандай әлеуметтік топтар ұлтты құрап отыр, оның мүддесі жалпы ұлттық мүдде бола ала ма деген сұрақ туындайды» дей келе, «егер әрбір ұлт өзінің талап-тілегін ұлттық мүдделері арқылы қанағаттандыра алатын болса, онда жабық авторитарлы мемлекеттерде өзінің ұлттық мүдделерін көрсете алмайтын жағдайда не істеу керек?», – деген сұрағын қояды. Сондықтан, ұлттық мүдде ұғымының сипатын айқындауда оның мазмұнына ерекше мән беру керек» (Resenau, 1971: 290).

М.Каплан ұлттық мүдде ұлттардың ішкі және сыртқы факторларында туындаған қажеттіліктен қанағаттандырудың көрінісі екендігіне тоқталып, ұлттың ішкі талаптары – шикізатқа т.б. деген мұқтажынан туындайтын экономикалық талаптар, ал сыртқы талаптарды тудыратын факторлар – ұлттың қауіпсіздік территориялық тұтастық пен жалпы ұлттық құндылықтарды сақтау т.б. мәселелері деп, осы факторлар бірігіп, ұлттық мүддені тудырады деген пікір білдіреді (Kaplan, 1964: 64).

Дүние қоршаған орта, әлем туралы Қытай концепциясы («Қытай – варвар) бойынша «Қытай (Чжун-го) жер кіндігіне орналасқан бірден бір өркениетті мемлекет, оның билеушісі көк тәңірінің (Тянься) жердегі өкілі – аспан ұлы (Тянь-цзы), ал оны қоршаған халықтар мен елдер – варварлар» деген этноцентристік теорияға негізделді. Аспан асты мемлекетін қоршаған дүниенің төрт бұрышының халықтары мен елдері оған бағыншыты болып, Көк Тәңірі ұлының билігіне бағынып, оған тәуелділігін мойындап отыруы тиіс болды. Сондықтан, осы түсінік бойынша, Қытай императорының билігі мен қоршаған «варварлардың» жеріне де таралуы тиіс деп есептелді. Ол жерлер империяның құрамына енгізілмеген, немесе ондай болмаған жағдайда империяның құрамына енгізілмеген, немесе ондай болмаған жағдайда, империяның бақылауында, ықпалында болуы қажет – деп есептелді (Думан, 1970: 22).

Қытай билеушілерінің дәстүрлі кезеңдерде, қазіргі Шыңжаң территориясына әскери бекініс онатуға ұмтылып отыруын, бұл ауданның көптеген ғасырлар бойында әрқилы халықтардың мүддесі түйіскен жер екендігімен, бұл жер арқылы транс-евразиялық Ұлы Жібек жолының, яғни, Қытайды және Орталық Азияны Азияның басқа басқа түкпіріндегі елдермен ғана емес, тіпті Еуропамен байланыстырған күре тамыр жолдың өткендігімен, Қытайдың ұлттық және мемлекеттік мүдделерінің объектісіне айналуымен түсіндіруге болады. Осылайша, Орталық Азия далаларындағы халықтардың бір оазистен екінші оазиске апаратын керуен жолдары мен тау асуларынан алып өтетін өткелдері, жаңа дәуір басында барлық назарды өзіне аударған стратегиялық маңызды объектілерге айналды. Шындығында

да, қазіргі Шыңжаң жеріне кімнің қолы жетсе, соның қолында сауданың батысқа да, оңтүстікке (Үндістан) де, шығысқа (Қытайға) да шығуына жол ашылды, сол жолдар арқылы тауар алмасып қана қоймай, бұл жерге сырттан мәдени және діни идеялар да әкеліне бастады (Алдабек, 2015: 74).

Сонымен, «Батыс аймақ» жер кіндігі мемлекетінің сонау көне заманнан бері көз тігіп, оны өз бақылуында ұстауға тырысқан, яғни, Хань дәуірінен бері келе жатқан сыртқы саясатының өзекті мәселесі болған. Қытайдың солтүстік батыс жағында орналасқан, Тянь-Шань тауының оңтүстігіне де, солтүстігіне де созылып жатқан кең байтақ жерлер шынында да екі мың жылдан астам уақыттан бері Қытайдың мемлекеттік саяси мүддесі шеңберінде сақталып келеді. Бірақ осы уақыт аралығында осы жерді мекендеген халықтар мен мемлекеттер Қытай империясының толық ықпалына түсіп, өздерінің қоғамдық саяси және мәдени құрылысын өзгерткен немесе жоғалтқан емес.

Американдық қытайтанушы Э. Сю өзінің «қазіргі Қытайдың дамуы» атты кітабында жазған: «Дәстүрлі қалыптасқан шындық сол, Си-юй еш уақытта Қытайдың бөлінбес бөлшегі болған емес, ол әруақытта оның күшейген кезінде ие болып, ал әлсіреген кезінде жоғалтқан шекаралық иелігі болып келеді (Hsu, 1970: 112). Археологиялық деректерге сүйенсек, – бұл жердің халқы өзінің мемлекеттілігін Орталық Азияның тайпалары және халықтарымен, Үндістанмен, Оңтүстік Сібірмен, Моңғолиямен тығыз байланыста дамытқан, ал Тибет және Қытаймен байланыстарының дамуы өте терең деңгейде болған емес, және оны қытай деректері де растай түседі – дейді (Васильев, 1972: 18).

Ұлттық мүдде ұғымы туралы американдық ғалым Ч. Бердтің айтуынша, Италияда отаршылдық саясат өрістей бастаған XVI ғасырда, ал Англияда XVII ғасырда, яғни ағылшын капитализмы тудырған отаршылдық саясаттың пайда болған кезінде дүниеге келген. Ал американдық мемлекеттік қайраткер оны АҚШ-тың конституциясы қабылданғаннан бергі кезеңдерден кеңінен қолданып келеді (Berd, 1934: 22-25).

Ұлттық мүдде өзінің кең мағынасында халықтың өзін-өзі қорғау, сақтау, дамыту, өмір сүру және әлемдік саясатта өзге халықтармен тең дәрежеде қарым-қатынас жасау, елінің, жерінің тұтастығын сақтауға деген түпкілікті мақсатын көрсетеді. Мүдделерді өз ішінен өзгермелі және өзгермейтін деп бөлеміз. Өзгемейтін басты мүдделер қатарына мемлекеттің территориялық тұтастығы, елдің материалдық, экономикалық және саяси қауіпсіздігін қорғау, халқының мәңгілік өмір сүруін қорғау мақсатын көздейді. Ал, өзгермелі мүдделер елдегі және әлемдік саясатқа қарай бұрмаланып, түрленіп, жаңаланып отырады.

Ұлттық мүдденің мақсатын саудаға салуға болмайды, кей елдер өз мүддесі экономикалық, саяси-мәдени идеологиялық, діни, дипломатиялық әдіспен қорғауға күш салады. Тіпті кей елдер қарулы соғыспен де мүддесін қорғауға әрекет етеді.

Ал, қазіргі жаһандық күрделі саяси-экономикалық кезеңде Қытай секілді көп ұлтты, көп ұлысты мемлекеттерде ұлттық жағдайдың өршуі мемлекет тұтастығының бүлінуіне және ұлтаралық қақтығыстарға алып келетіні түсінікті болып отыр.

Қытай билігі елдегі ұлттық мәселелерді шешумен бірге лаңкестік топтарға батыл қарсы тұру үшін де көрші елдердің қолдауына ие болуға әрекеттеніп келеді.

Қазақстан мен Қытай ұлттық сепаратизмнің қандай түріне болса да қарсы шығып, өз аумағында кез-келген ұйымдардың және күштердің екінші жаққа қарсы бағытталған сепаратистік қызметіне жол бермейді.

«Халықаралық қатынастар саласында екі ел егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, шабуыл жасамау, ішкі істерге араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру, барлық елдердің халықтарының әлеуметтік құрылыс пен даму үлгісін таңдау құқықтарын құрметтеу принциптерінің негізінде құрылуға тиіс» деп саналады делінген бірлескен декларацияда.

Қазақстан Қытай Халық Республикасының үкіметінің Қытайдың бір ғана заңды үкіметі ретінде, Тайваньның Қытай аумағының ажырамас бөлігі екендігін мойындайтынын атап көрсетті (Абдулпаттаев, 2006: 152).

Соңғы жылдары Қытайдағы ұлтаралық қақтығыстардың жиілеп кетуі Қытай үкіметін едәуір алаңдатты. Шыңжаңдағы ұйғыр проблемасының жандануы, тибеттердің бас көтеруі және Оңтүстік Қытайдағы кантон диалектісінде сөйлейтін халықтардың ереуілі ұлтаралық қатынастарды айтарлықтай шиеленістірді. Осындай күрделі мәселелерді шешудің тамаша тәсілі ретінде Қытай үкіметі 2000 жылдан бері аз ұлттар шоғырлы қоныстанған өңірлерді игеру үшін «Батыс өңірді барынша игеру» жоспарын іске асырып келе жатыр. Аталған жоспар аясында Қытай Батыс өңірді игерудің озық үлгілерін жарыққа шығарды.

Батыс өңір – ежелден бері көптеген ұлттар аралас қоныстанып келе жатқан өңір. Сондай-ақ, Қытай және Батыс мәдениетінің пайда болуы, алмасуы, таралуы осы аймақ тұрғындары арқылы жүзеге асатындықтан, Батыс өңір тұрғындарының нәсілдік ерекшелігін зерттеу де ғылымдағы өзекті мәселенің біріне айналды. Нәсіл дегеніміз адам нәсілі мен ұлттық тектілікті өз ішіне алады (Мәсімханұлы, 2023: 57-58).

Дэн Сяопинь тұсындағы «ұлттық бөлшектенуге қарсы тұру, зор қытай ұлтшылдарына қарсы тұру» деген ұранға өзгерістер енгізіліп «жергілікті ұлтшылдыққа, қытай ұлтшылдығына қарсы тұру» деген үлкен ұрандар әр жерде айтылып келді. Цзян Цзэминьнің тұсында басталған «Батыс өңірді игеру» бағдарламасы Ішкі Қытай өлкелерінен миллиондай жұмыссыз қытайлардың аз ұлттар жиі қоныстанған өңірлерге келіп қоныстануына жол ашты. Қытайдың «Батыс өңірді игеру» жобасы ұлттық саясатты жүргізуіне мүмкіндіктер тудырды.

Соңғы 2004-2005 жылдары жандана түскен қос тілді оқыту жоспары, одан кейінгі бірыңғай хань тілінде білім беру бағдарламасы аз ұлттар мен хань ұлты тіл-жазуларын бір арнаға түсіруге үлкен септігін тигізгенімен, аз ұлттардың тіл-жазуының қолданыс аясы күн сайын тарайып, ұлт болашағынан алаңдайтын жағдайлар туындауда.

### Қорытынды

Бір ұлттың пайда болып дамуы және жойылуы ұзақ уақытқа созылатын тарихи үрдіс. Қытайдың ежелгі патшалық дауіріне қарағанда, республикалық түзім орнап қайта құрылған социализм кезеңі барлық халықтардың етене араласқан, бірлесе дамыған және гүлденген кезеңі болып есептеледі. Осы кезеңге дейін бұрын Қытай тарихында үлкен рөл атқарған кейбір ұлттар тілінен, дінінен, мәдениетінен айрылып, ассимиляцияланып кетті. Қытайды үш ғасырдай билеген маньчжурлер қазіргі таңда қытай тілді ұлттардың бірі ретінде өмір сүріп келе жатыр. Қытайдағы аз ұлттар әлі толық зерттелген жоқ, олардың бізге жұмбақ болып келе жатқан қырлары өте көп.

Қытайда 1911 жылы Синхай төңкерісі болып, 1912 жылы монархия жойылды. Республикалық Минго өкіметінің құрылуы Қытай тарихындағы прогрессивтік оқиға болды. Бірақ онымен Қытай қоғамы өзгере қоймады. 1921 жылы Қытай Коммунистік Партиясы құрылды. 1927 жылы Гоминьдан билік еткен Нанкин өкіметі құрылды. Осы екі партия арасындағы соғыс 1927 жылдан басталып, 1949 жылы аяқталды. Қытай Халық Республикасы коммунистік партияның басшылығында ұлттар теңдігін дәріптеп, «ұлттық бөлшектеушілікке қарсы тұру, зор қытай ұлтшылдығына қарсы тұру» деген ұранды бүкіл елге дәріптеді. 1976 жыл Мао Цзэдун қайтыс болғаннан кейін билікте, қарапайым қытай халқы да аз ұлттарға тырнағын ашық батыра алмады. Тіпті аз ұлттар мекендейтін өңірлерде баяғыдай жергілікті ұлт өз үстемдігін сақтап қалды.

Қытайдың неше мыңжылдық тарихына зер салсақ, ел бірлігі мен халық ынтымақтастығын сақтау – басты мәселесі болып келе жатыр. Осы ғасырда Қытай билігі ұлттық саясатты іске асыру үшін біртұтас мемлекет құру жолында маңызды шешімдер шығарып, батыл қадамдар жасады. Бұл – Қытайдың тұрақтылығы мен дамуы және



өркендеуінің кепілі болатын. Алайда, ұлттық мәселені тез, қара күшпен шешудің де қатерлі тұстары бар.

Ұлттық мәселе қоғамдық даму туралы жалпы мәселенің бір бөлігі, қазіргі уақытта бұл жағдай қытайлық ерекшелікке ие социализм негізінде шешімін тауып келеді. Ұлттық мәселе әрдайым діни сеніммен байланысты. Ұлттық мәселелерді шешу барысында діни салада да саясат жүргізу керек. Қытай Халық Республикасы құрылған соң елдегі ұлттар мәселесін марксистік-лениндік қағида бойынша, автономиялы саясат жүргізу арқылы шешуге күлшынды. Бұл саясаттың Қытайдағы аз санды ұлттар үшін белгілі дәрежеде жақсы нәтиже бергенін жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе аз ұлттардың тіл-жазу, баспасөз мәдениетінің дамуында, оқу-ағартуды кең өрістетуге, жалпы халықты сауаттыландыруда және олардың әлеуметтік-саяси деңгейінің көтерілуіне айтарлықтай белсенді рөл атқарды.

Қазіргі әлемдік саясат пен жаһандық мәселелер сан құбылып, халықтар арасындағы тәртіп пен қатынастар күн сайын өзгеріп тұрған аумалы-төкпелі заманда Қытай ел ішіндегі ұлттарды жаһандандыру үрдісін тездетіп түсті. Қазіргі таңда Қытай үкіметі ел ішіндегі аз санды ұлттарды ассимиляциялау процесін тездететін саяси шараларды қолдана бастады. Анығында, осыған дейін Қытайдағы аз ұлттар өзінің автономиялы саясатының арқасында қытай мәдениеті олардың санасына терең сіңуінің нәтижесінде біртіндеп табиғи түрде біртұтас Жұңхуа минзуге (қытай ұлтына) айналады деп болжаған. Алайда елдегі әлеуметтік тәжірибе көрсеткендей, бұл үрдіс тым баяу, тым ұзаққа созылумен бірге автономия мәртебесін алған өлке, облыстардағы аз ұлттар арасында орын алған сепаратистік тенденциялар өршіп келе жатқаны, ұлттар мәселесін түбегейлі шештік деген Кеңес Одағының ыдырауы мен бұрынғы республикаларда ұлттық мемлекеттердің құрылуы, Қытай билігін алаңдатып, ұлттар мәселесін қайта қарауға мәжбүрледі. Осындай күрделі кезеңге келгенде Қытай үкіметі «Ұлттық территориялық автономия заңына» өзгерістер енгізді. Бұрын өз ана тілінде білім алып келген аз ұлт мектептерін алдымен қос тілді мектептерге, одан кейін бірыңғай қытай тілінде білім беретін мектептерге біріктірді.

Қытай соңғы жылдары алыс-жақын шетелдермен болған қарым-қатынасына айрықша мән беріп келеді. Қытайлар аз ұлттардың мәселесін шиеленістіретін бірден-бір күш шетелдерде деп есептейді. Олар Қытайдың территориялық тұтастығын бөлшектеп, аз ұлттар белсенділерін қытайға қарыс қою арқылы елде тұрақсыздық орнатуды көздейді деп қауіптенеді.

Ал Қытай билігі елдің ішкі және сыртқы тұрақтылығын сақтау жолында алыс-жақындағы шетелдермен саяси, қауіпсіздік, сыртқы байланыс, сауда-экономика салаларында тиімді өзара әріптестік қатынастар жасау жолында күш біріктіруге ұмтылды. Соның нәтижесінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылды. Алайда, ШЫҰ-ның негізін қалаушылар – Қытай мен Ресей осы ұйым жұмысы мен идеологиясына қатысты көзқарастарының алшақтығы оның тиімділігін төмендетіп келеді. Қытай үшін ШЫҰ бірден-бір аймақтық ұйым, сондықтан да, Пекин оны жаһандану үрдісі мен әлемдік экономиканың аймақтану мәселесіне қолдануды көздейді.

АҚШ пен ҚХР арасындағы екі жақты қарым-қатынас «өзара қауіптену» және өзара пайда негізінде баяғыдан қалыптасқан. АҚШ өз әскери және экономикалық күшін арттырып келе жатқан Қытайды болашақта өзінің жаңа глобалды бәсекелес мемлекет ретінде қарайды. Қазіргі кезде Қытай мен АҚШ бір-бірін тікелей әскери қауіптің көзі ретінде санамайды. Алайда, тайван, тибет және ұйғыр мәселелері екі ел арасындағы қарым-қатынасты ушықтырып, қарама-қайшылық тудырып келеді.

Қытайдың Орталық Азия елдерімен болған қарым-қатынасы да жоғары деңгейде дамуда. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы халықаралық қатынастар жүйесіндегі бірегей прецедент болып табылады.

Қытайдың дипломатиясында географиялық шектеулер жоқ. Оның негізгі бағыты алдымен көрші елдермен жұмыс істеуге бағытталған.

Бүгінгі күндегі Қытайдың «Батыстың дамуы» саясаты – Орталық Азия елдерінің экономикасы мен ҚХР экономикасы интеграциясының басты құралы. Қытай үшін Орталық Азия елдері Шыңжаңның тұрақтылығын сақтауда аса маңызды орын алады. Қытай Орталық Азиядағы әсіресе діни, пантүркізм, түрікшіл күштерден қорқады.

#### Әдебиеттер:

Абдулпаттаев С.. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. Алматы: Қарасай, 2006. 216 б.

Алдабек Н.Ә.. Тарихы талқыға толы Шыңжаң XVIII ғ.-1949 ж. Қарағанды: Ақнұр, 2015. 541 б.

Berd Charales A. The Idea of National Interest: An Analitical Study in American Foreign Policy, New York: 1934. P. 22–25.

Соғыстан кейінгі әлемдегі саясат пен экономика және мемлекетаралық қатынастар. Ван Юцай, Ли Сяоминнің редакциясымен басылған. Харбин: 1987. 266-366 б.

Васильев В.П. Две китайские записки о падении Кульджи и о занятии ее русскими // Русский вестник, 1972, Т. 99. 144 с.

Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII- первой половине XIX в. Москва: Наука, 1979. 311 с.

Дубровская Д.В. Судьба Синьцзяна: Обретение Китаем «Новой границы» в конце XIX в. Москва, 1998. 50 с.

Думан Л.И. Внешнеполитические связи древнего Китая и истоки даннической системы // Китай и соседи в древности и средневековье. Москва: Наука, 1970. С. 13–36.

Зотов О.В. Китай и Восточный Туркестан. Москва: Наука, 1991. 168 с.

Hsu I. The Rise of Modern China. N.Y., 1970. 388 p.

Kaplan M. Systems and Process in International Relations, New York: John Wily and Son, 1964. 164 б.

Кроль Ю.Л. Китай и варвары в системе конфуцианских представлений о вселенной [II в. до н.э. – II в. н.э.] // Народы Азия и Африки. 1978. № 6. С. 51.

Мәсімханұлы Д.. Қытайдағы түркологиялық зерттеулер. Алматы: Алгорифм, 2023. 204 б.

Мемлекеттік кеңестің Қытай Халық Республикасының ұлттық территориялық автономия заңын атқару туралы бірқанша белгілемесіне түсінік. Мемлекеттік ұлттық істер комитетінің саясат, заң-ереже меңгермесі құрастырған. Бейжің: Ұлттар баспасы, 2006. 449 б.

Resenau James N. The Scientific Study of Foreign Policy. New York: Free Press, 1971, 290–291 бб.

Ұлт мәселесі жөніндегі құжаттар жинағы. Бейжің: Орталық партия мектебі баспасы, 1991. 210 б.

Шыңжаң Үш аймақ төңкерісі тарихы. Шыңжаңның Үш аймақ төңкерісі тарихын құрастырушылар тобы. Бейжің: Ұлттар баспасы, 2000. 3 б.

胡, 2009 – 胡鸿保; 张丽梅. 民族识别原则的变化与民族人口 [Changes in Ethnic Identification Principles and Ethnic Population]: Southwest University for Nationalities University Press, 2009.

周, 2021 – 周平. 多民族国家是怎样的一类国家 // 《江汉论坛》, 2021年第10期 – 5-14. Чжоу Пин. Көпұлтты ел қандай ел? // «Цзянхань форумы», № 10, 2021. 5-14 бб.

### References:

- Abdulpattaev S. (2006) Halyqaralyq qatynastar zhane Qazaqstannyn syrtqy sayasaty. Almaty: Qarasaj. 216 b. (in Kaz.)
- Aldabek N.A. (2015) Tarihy talqyga toly Shynzan XVIII g.-1949 zh. – Qaragandy: «Aqnur» baspasy. 541 b. (in Kaz.)
- Berd Charales A. (1934) The Idea of National Interest: An Analitical Study in American Forein Policy. New York. P. 22–25.
- 1.Sogystan keingy alemdegi saiasat pen ekonomika zhane memleketaralyq qatynastar. Van Yusai, Li Xiaoming redaksiasy men basylgan. Harbin: 1987. 266-366 bb. (in Chin.)
- Vasiliyev V.P. Dve kitaiskie zapiski o padenii Kuldzhi I o zanyatii ee russkimi // Russkii vestnik, 1972, T. 99. 144 s. (in Rus.)
- Gurevich B.P. Mezhdunarodniye otnosheniya v Centralnoi Azii v XVII – pervoi polovine XIX v. Moskva: Nauka, 1979. 311 p. (in Rus.)
- Dubrovskaya D.V. Sudba Sindzyanya: Obretneniye Kitayem «Novoi granitsy» v kontse XIX v. Moskva: Nauka, 1998. 50 s. (in Rus.)
- Duman L.I. Vneshnepoliticheskiye svyazi drevnego Kitaya i istoki dannicheskoi sistemy // Kitay I sosedi v drevnosti I srednevekoviye. Moskva: Nauka, 1970. P. 13–36 (in Rus.)
- Zotov O.V. Kitay I Vostochnyi Turkestan. Moskva: Nauka, 1991. 168 s. (in Rus.)
- Hsu I. The Rise of Modern China. N.Y., 1970. 388 p.
- Kaplan M. Systems and Process in International Relations, New York: John Wily and Son, 1964. 164 p. (
- Krol Yu. L. Kitay I varvary v sisteme konfutsianskih predstavlenii o vselennoi [II v. do n.e. – II v. n.e.] // Narody Azii i Afriki. №6, 1978. 51 p. (in Rus.)
- Masimhanuly D. Qytajdagy turkologiyalyq zertteuler. Almaty: Algorifm, 2023. 204 p. (in Kaz.)
- Memlekettik kenestin Qytaj Halayq Respublikasynyn ulttyq territorialyq avtonomia zanyn atqaru turaly byrqansha belgilemesine tusinik». Memlekettik ulttyq ister komitetynyn saiasat, zanerezhe mengermesi qurastyrgan. Beijing: Ulttar baspasy, 2006. 449 b. (in Chin.)
- Resenau James N. The Scientific Study of Foreign Policy. New York: Free Press, 1971, 290–291 p.
- Ult maselesi zhoninidegi quzhattar zhunagy. Beijing: Ortalyq partiya mektebi baspasy, 1991. 210 p. (in Chin.)
- Shynzhannyn Ush aymaq tonkerisi tarihy. Shynzhannyn Ush aymaq tonkerisi tarihyn qurastyrushylar toby. Beijing: Ulttar baspasy, 2000. 3 p. (in Chin.)
- Hú Hóngbǎo; Zhāng Líméi. Mǐnzú shíbié yuánzé de biànhuà yǔ mǐnzú rénkǒu [Changes in Ethnic Identification Principles and Ethnic Population]: Southwest University for Nationalities University Press, 2009. (in Chin)
- Zhou Ping. Duo minzu guojia shi zenyang de yi lei guojia // Jiang han lun tan, 2021nian, di 10 qi – 5-14. [Zhou Ping. What kind of country are multi-ethnic countries? // «Jianghan Forum», № 10, 2021. – 5-14 pp.] (in Chin)

<sup>1</sup>Жомарт Е. <sup>2</sup>Турлыгожаева А.Д.

<sup>1,2</sup> Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан  
E-mail: <sup>1</sup>silas.kaz.3@mail.ru, <sup>2</sup>altyn\_77@hotmail.com

### ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В КИТАЕ

**Аннотация.** В данной статье анализируются понятия национальных и государственных интересов с точки зрения международных отношений и позиции каждой страны. Особое

внимание уделено формированию национальной политики в Китае, описано состояние реализации национальной политики и ее влияние на меньшинства. Темы, затронутые в статье, включают комментарии о государственности и национальных интересах, а также о роли меньшинств в истории Китая. В следующих разделах были рассмотрены межэтнические отношения в Китае, политика Китая в отношении меньшинств, основанная на стратегии «Развитие Западного региона», которая реализуется в западных регионах КНР с момента начала нового века, план двуязычного образования, закон автономии, плановая политика рождаемости и китайцев зарубежных стран. Проведен сравнительный анализ отношения к меньшинствам. Анализ причин формирования и реализации национальной политики Китая, комплексный анализ их политики с точки зрения национальных и государственных интересов. Изучение истории и культуры меньшинств Китая и мониторинг сегодняшних межэтнических отношений, изучение и осмысление богатого опыта управления социально-этническими процессами посредством идеологического, культурного, административного и экономического влияния в стране считается особенно важным при изучении социально-экономической национальной политики современного Китая.

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках Программы целевого финансирования МНВО РК «Многостороннее сотрудничество Центральной Азии и Китая: от ранних этапов взаимодействия к стратегическому партнерству» ИРН: BR24993008.

**Ключевые слова:** Национальный интерес, государственный интерес, Западный регион, народ, меньшинства.

<sup>1</sup> Zhomart E. <sup>2</sup>Turlygozhayeva A.D.

<sup>1,2</sup>R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: <sup>1</sup>silas.kaz.3@mail.ru, <sup>2</sup>altyn\_77@hotmail.com

## THE FORMATION OF NATIONAL POLITICS IN CHINA

**Abstract.** This article analyzes the concepts of national and state interests from the point of view of international relations and the position of each country. Particular attention is paid to the formation of national policy in China, the state of implementation of national policy and its influence on minorities is described. Topics covered in the article include comments on statehood and national interests, as well as the role of minorities in the history of China. In the following sections, interethnic relations in China, China's policy towards minorities, based on the "Development of the Western Region" strategy, which has been implemented in the western regions of the PRC since the beginning of the new century, the plan for bilingual education, the law of autonomy, the planned birth policy and the Chinese abroad were considered. country Conducted a comparative analysis of relations with minorities. Analysis of the reasons for the formation and implementation of China's national policy, a complex analysis of their policies from the point of view of national and state interests. The study of the history and culture of minorities in China and the monitoring of today's inter-ethnic relations, the study and understanding of the rich experience of managing social and ethnic processes by means of ideological, cultural, administrative and economic influence in the country is considered especially important when studying the social and economic national policy of modern China.

**Acknowledgement:** The article was prepared within the framework of the Targeted Financing Program of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “Multilateral cooperation between Central Asia and China: from the early stages of interaction to strategic partnership” IRN: BR24993008.

**Keywords:** National interest, state interest, Western region, people, minorities.

Авторлар туралы мәлімет:

Жомарт Ертай, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Алматы, Қазақстан.

Тұрлығожаева Алтынгүл Дүйсенқызы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Жомарт Ертай, научный сотрудник, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, магистр гуманитарных наук, Алматы, Казахстан.

Турлыгожаева Алтынгүль Дуйсенкызы, младший научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Zhomart Ertai, Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Master of Humanities, Almaty, Kazakhstan.

Turlygozhayeva Altyngul Duysenkyzy, a junior researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.